

# ӘДІСТЕМЕЛІК БЮЛЛЕТЕНЬ

## «Қашықтықтан оқыту жағдайында студенттермен жұмысты ұйымдастыру»



### Қашықтықтан оқыту жағдайында студенттермен жұмысты ұйымдастыру.

Ақпараттық жүйенің пайда болуы мен дамуы нәтижесінде білім беру процесін ұйымдастырумен байланысты проблемалар қоғам үшін үлкен маңызға ие.

Перспективалық білім беру жүйесі білім алушыны біліммен қаруландырып қана қоймай, біздің дәуіріміздегі білімнің үнемі және тез жаңаруы нәтижесінде білімді, өздігінен білім алу дағдыларын, сондай-ақ адамның белсенді өмірі ішінде тәуелсіз және шығармашылық іс-әрекеттерді үздіксіз өз бетінше игеру қажеттілігін қалыптастыруға қабілетті болуы керек. Соңғы уақытта білім беру саласында білім беру деңгейі мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін әртүрлі технологиялар мен оқыту нысандары ұсынылады. Қашықтықтан оқыту технологиясы ең прогрессивті технологиялардың бірі болып табылады және ол ХХІ ғасырға мамандарды даярлаудың ең тиімді және перспективалық жүйелерінің бірі ретінде кірді.

Бұл білім беру мекемелеріндегі оқу процесі ақпараттық қанықтыру міндетіне ғана емес, өнімді ойлауды қалыптастыруға, жеке тұлғаның зияткерлік әлеуетін дамытуға, тұтынылатын ақпаратты логикалық талдау және жан-жақты өңдеу тәсілдерін қалыптастыруға, шығармашылыққа бағынатындығына байланысты. Бүгінгі таңда оқу орнындағы педагогикалық процестің негізгі ақпараттық білім беру ортасында өзіндік жұмыстың әдістемесін оқыту арқылы және оның оқу-тәрбие процесіндегі үлесін арттыра отырып, өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігін қалыптастыру болып табылады. Қашықтықтан оқыту жүйесі студентті оқытудың субъектісі ретінде қарастырады, ал оқу процесі білімді жеткізуге емес, танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Сонымен бірге оқытушының функциялары ақпаратты бақылаудан кеңес беру-үйлестіруге дейін өзгереді.

Қолданыстағы білім беру формаларын талдау бізді, білім беру формасы – бұл екі негізгі белгісімен ерекшеленетін оқу процесін ұйымдастыру тәсілі деген қорытындыға әкеледі:

- 1) білім алушымен тікелей және жанама педагогикалық қарым-қатынас көлемінің арақатынасы (күндізгі, сырттай оқу нысаны);
- 2) студенттердің теориялық сабақтары мен өзіндік жұмыстары көлемінің арақатынасы.

Осыған байланысты ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, оқу процесін басқарудағы оқытушының ұйымдастырушылық-әдістемелік қызметі және студенттердің өзіндік оқу қызметін қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік материалдармен оқыту процесін қамтамасыз ету қызметі үлкен рөл атқарады.

*Исаев Ж.Ә. арнайы пәндер оқытушысы.*



### Қашықтықтан оқыту жағдайында студенттермен жұмысты ұйымдастыру.

Қашықтықтан оқыту- компьютерлік және телесуарлық технологияларға негізделген оқытудың құралдары мен түрлері.

Бүгінгі таңдай қашықтықтан оқыту компьютерлік және интернетте оқыту технологиялары ретінде саналып отыр. Зманауи технологиялар мыңдаған километр бөліп тұрған оқушы мен оқытушы арасын байланыстырушы болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім жүйесінде жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Ақпараттық технологияларды және компьютерлік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Жаңа ақпараттық технологияларды білім жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы негізгі қозғаушы күші - адам, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асырылуы тиіс. Осыған байланысты адамның шығармашылық потенциалын дамыту үшін қажетті жағдай жасалуы тиіс. «Білім саласындағы жаңа коммуникациялық технологиялар» түсінігі компьютерлік техника және электрондық анықтамалық жүйелері мен адамның әрдайым жаңа оқыту әдістерін ізденуінен пайда болады. Оны оқыту әдіс-тәсілі уақыт талабына сай өзгеруде. Қазіргі уақытта дидактикада инновациялық оқыту кеңінен қолданылуда. Инновация – бұл жаңалықтардың таралуы және құрылуы. Қазіргі педагогиканың негізгі тенденциясы оқытуды өнеркәсіптік-технологиялық процесске айналдыру үшін дидактикалық жолын және құралын табу болды. Бұл ізденіс «педагогикалық технология» деген ұғымға әкелді. ХХІ ғасырда ақпарат жүйелерінің өркендеп, ғарыштап дамып келе жатқанын білеміз, өнеркәсіп пен ортаның дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстар табылады. Сауатты өмір – дамудың жаңа фазасына енеді, бұл жаңа сауатты оқыту технологиясын құруға біртіндеп көшуді талап етеді. Оқытудың жаңа технологиясына көшу ұзақ уақыт алады. Компьютерлік технология білім ортасына ене отырып, оқыту процесін жақсарту үшін құралдар мен әдістерді қолдануға әкеп соқтырады. Негізгі базалық білім беру аймағында қызмет көрсету жағынан да қашықтан оқыту мүмкіндіктері үкімет тарапынан қолдау тауып жатыр. Осы технологияны пайдалану ауылдық жерлерді де жылдам ақпараттандыруға көмектесуде. Оқыту процесінде қолданылатын жаңа әдістердің бірі қашықтан оқыту әдісі болып табылады.

Қашықтан оқытуды екі негізгі бөлікке бөлуге болады: техникалық және дидактикалық. Оның құралы болып телекоммуникациялар, аудио және видео жазбалар, жергілікті және ауқымды компьютерлік желілер. Ұйымдасқан – дидактикалық құрылымда қашықтан оқыту оқытудың негізгі компоненті болып табылады, оқушылардың өз бетімен білім алуы.

Ақпараттық технология жақсы дамығанымен ол оқытудың басты құралы болып есептелмейді. Ол үшін оқу бағдарламасында және оқыту әдістеріне өзгеріс енгізу керек. Жаңа технологияны қолдану мұғалімдерге дайындық жұмыстарына көп уақытыны керек етеді. Әрбір мұғалімнен ізденуді, шығармашылық жұмыс жасауды, алыс – жақын шетелдердің озық тәжірибелерімен танысуды және оның күнделікті өмірде қолдануды қажет етеді.

Бұл оқыту құралының күштілігі соншалықты, онымен бірге басқа колледждермен оқытудың жаңа түрлерімен, оқыту әдістерімен алмасады. Колледжде телекоммуникация тақырыбын оқыту мүмкіндігі бар. Әдістемелік кешен, мұғалім мен оқушыға қажетті бағдарлама, қазақ тіліндегі оқулықтар мен көмекші құралдары жеткіліксіз. Пән мұғалімдерінің Интернетте осы уақытқа дейін аз қана пайдаланып, тіпті қолданбағандары да бар. Колледждер жаңа ақпараттық технологиялармен жабдықталғанымен, мұғалімдердің осы тақырып бойынша білімін жоғарылатын, яғни мұғалімдерді дайындайтын курстар жеткіліксіз. Ал, жалпы білім беру ісі жөнінен басқа озық елдердің тәжірибесін зер салып отыру, өзінің білімін жоғарылату, жаңашылдық, озат тәжірибе, компьютерлік коммуникацияны үйрену – әрбір пән мұғалімінің кәсіптік міндеті, қажетті парызы. Қаншалықты барлық құралдар жеткілікті болғанымен, пән мұғалімінің білімі төмен болса, оқушылардың телекоммуникация жөніндегі білімі төмендеп, болашақта Қазақстандағы телекоммуникациялық ортаның дамуына әсерін тигізеді.

*Бәкенов Б.Қ. арнайы пәндер оқытушысы.*



### Қашықтықтан оқыту жағдайында студенттермен жұмысты ұйымдастыру.

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі бағыты ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділікті технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру бағыты жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, қашықтықтан оқыту, дара тұлғаға бағытталған оқыту максаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғары-латуды көздейді.

Қашықтықтан оқыту ұғымын кең мағынада алсақ, бұл-тыңдаушылар мен оқытушылардың бір-бірінен кеңістікте алыстатылған оқу формасы. Ал, тармағындағы қашықтықтан оқу ұғымы тыңдаушылар мен оқытушылар арасындағы, сонымен қатар тыңдаушылардың өзара белсенді ақпаратпен алмасуын қарастыратын және жоғарғы дәрежедегі қазіргі жаңа ақпараттық технологияларды (аудио-визуальды құралдар, дербес компьютерлер, телекоммуникация құралдары, т.б.) пайдаланатын белгілі бір тақырыптар, оқу пәндері бойынша ұйымдастырылатын оқу процесі. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың әр түрлі технологиялары бар:

Кейс – технология – оқытушы дәстүрлі және қашықтықтан консультацияларды ұйымдастыру кезінде мәтіндік, аудиовизуальды және мультимедиялық оқу-әдістемелік материалдарды жинау және оларды пайдаланушылардың өз бетінше меңгеруі үшін жіберуге негізделген. Кейс технологиясы (ағылшынның case—портфель) оқытуда жасалынған әдістемелік материалдармен іске асырылады.

Электронды почта тыңдаушыларға курстың негізгі мәселелері бойынша дифференциалды хат жазысуға мүмкіндік береді. Электронды почта арқылы ақпаратты жоғары жылдамдықпен жіберу мүмкіндігін арқасында тыңдаушыға көмек дер кезінде, сұранысты алған соң бірден көрсетіледі. Интернет көмегімен тыңдаушылармен кері байланыс орнатып қана қоймай, олардың оқу қызметін бақылауға, бағалауға болады.

Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқытушының негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады: туындайтын мәселелерді қарастыру; мақсат пен міндеттерді қою; білім, тәжірибелерді беру; ұйымдастыру қызметі; білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру; оқу процесін бақылау. Тыңдаушылар қашықтықтан оқыту кезінде білім беру процесінің негізін қолайлы уақытта, ыңғайлы орында, тиімді темптегі өз бетінше жұмыс құрайды.

Қазіргі уақытта әлемде телекоммуникациялық жүйелерді, компьютерлік желілерді, тікелей теледидарлық хабар тарату жүйелерін, заманауи телекоммуникациялық технологияларды қолдана отырып, қашықтықтан оқыту жүйесін енгізу бойынша айтарлықтай тәжірибе жинақталған. Цифрландыру цифрлық технологиялардың дамуына және олардың қоғамның барлық аспектілеріне әсерінің артуына байланысты маңызды құрылымдық өзгерістер болып жатқан әлемдік білім беру жүйесіне елеулі әсер етеді. Нәтижелер. Әлемде қашықтықтан оқытуды дамытудың ұзақ мерзімді мақсаты сипатталған. Қашықтықтан оқыту жүйесінің ерекшеліктері сипатталады: ашықтық, модульділік, қызығаттылық, икемділік, бейімділік, интегралдылық, масштабтылық, кеңейту, асинхрондылық, параллелизм, бұқаралық сипат, дайындықтың даралығы, дайындық сапасы және рентабельділік. Қашықтықтан оқытудың ішкі жүйелері, Қашықтықтан оқытуды ақпараттық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар тізібеленген және сипатталған, және олармен бірге журу керек құжаттама сипатталады. Қазақстан Республикасында қашықтықтан білім берудің ерекшеліктерін анықтайды.

*Азаматов Д.Т. арнайы пәндер оқытушысы.*

Автомобильно -  
механический цикл